**Автор**: Багындыкова Жанар Туребековна
**Пән**: Дүниетану. Тарих компоненті
**Сынып**: 3-сынып
**Бөлім**: Атақты тұлғалар
**Тақырып**: Дина күй шертеді

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 3.1.2.1.-күнделікті өмірде қолданылатын таныс сөздер және сөз тіркестерінен құралған шағын мәтіндерді түсіну; 3.1.3.1. – тыңдаған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беру, сюжет желісі бойынша иллюстрацияларды орналастыру, кесте толтыру. |
| Сабақтың мақсаты: | Барлығы:мұғалім көмегімен оқыған мәтіннің мазмұнын түсінеді. Көпшілігі:мәтін мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, тірек сөздерді қолданып, ауызша сөйлемдер құрайды. Кейбірі:оқыған мәтінді мазмұндайды, өзі білетін ақпаратымен бөліседі. |
| Тілдік мақсаттар: | атақты, ұлы, дарынды, күйші, күй шерту, ұстаз. |
| Бағалау критерийлері: | Мәтінді мәнерлеп оқиды. Оқыған мәтіннің мазмұны бойынша сұрақтар құрастырады. Тірек сөздерді қолданып, мәтінді мазмұндайды. |
| Құндылықтарды дарыту: | өнерді бағалау, атақты адамдардың істерін үлгі тұту |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Суреттер, қима қағаздар, оқулық, дәптер |
| Пәнаралық байланыс: | Дүниетану |
| Бастапқы білім: | Өнер бөлімі бойынша қорытындылау |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|

| | | |
|---|---|---|
| Сабақтың басы<br>(5 минут) | Психологиялвқ ахуал Сәлеметсіз бе балалар! Тақтаға шығамыз, шеңбер құраймыз. Енді балалар өлеңін жолын бірге айтамыз! Кел, балалар, ойнайық, Ойнайық та, ойлайық. Қандай сұрақ болса да, Таппай оны қоймайық. - Балалар үлкен жүректің ішінен кішкентай жүректі алып бір-бірімізге сыйлаймыз. Жылы сөздер айтып, бір-бірімізге береміз. Мысалы: Мен саған жүрегімнің жылуын сыйлаймын. Қызығушылықтарын ояту Күй ойнайды. Оқушылар кім орындағаның айтады. Балалар бұл не ? - Бұл - күй. Күйді қай музыкалық аспапта шертеді? - Күйді домбырамен шертеді. Бұл күйді кім орындайды? - Балалар, бұл сұрақтың жауабын анықтау үшін қазір<br>ребусты шешеміз.<br><br>Ендеше, бүгінгі сабақтың тақырыбымыз қандай? Сабақтың тақырыбы: Дина күй шертеді. «Атақты тұлғалармен танысу» айдары Дина Нұрпейісова – қазақтың атақты күйшісі. Ол кішкене кезінен күй шертеді. Динаның ұстазы – ұлы күйші Құрманғазы. Ол дарынды қызға бата береді. Дина ұстазының жолын жалғастырады. Кейін өзі де күй шығарады. Балалар, бұл Құрманғазы атамыз Динаның ұстазы болған. Ол Құрманғазы атаның шәкірті. Қазақ даласын асқақ та жігерлі күйлерімен тербеген ұлы күйші-композитор Құрманғазы Сағырбайұлы 1818 жылы Бөкей хандығы, қазіргі Батыс Қазақстан облысының Жаңақала ауданына қарасты Жиделі деген жерде дүниеге келген. Қазақ ұлтының бай мұрасын "Адай", "Балбырауын", "Сарыарқа" және тағы басқа мазмұнды, әсерлі, терең мағыналы философиялық күйлермен толықтырған Құрманғазы Сағырбайұлының есімін білмейтін жан жоқтың қасы. Ұлтының бар жақсы қасиетін бойына сіңіріп өскен күй атасы халқының тәуелсіздікке жетуін армандап кеткен тұлға. | |

<table>
<tr><td>Сабақтың ортасы (30 минут)</td><td>Сөздікпен жұмыс. «Кім жылдам» әдісі Атақты – знаменитый ұлы – великий дарынды – одарённый күйші – музыкант күй шерту –исполнять кюй ұстаз - наставник Сөздерді хормен айтады. Жеке айтады. Осы сөздерді байланыстырып, бір сөйлем құрастыру.  «Ойла- ойлан, орында » әдісі (ТЖ)1 топ- Күйші сөзін үш жақта жіктеп айту 2 топ- Ұстаз сөзін үщ жақтажіктеп 2-тапсырма. Сөйлем құраңдар. (ЖЖ) Жазылым. атақты ... домбыракүй ... Дина Құрманғазыдан күй ... ұстазының жолын ... жалғастырды,үйренеді, тартады, шертеді, күйші болды. Дескриптор : •    тапсырманытүсіне алады; •    сөздерден сөйлем құрастыра алады. Балалар көңіл-күйлерін қандай? 3-тапсырма. «Хронологиялық реттігі» әдісі. Балалар әртоп шатыстырған сөздерді дұрыс рет-ретімен тез жинап береді. Қандайтоп тез жинап берсе, сол топ жеңімпаз болады. жолын Дина ұстазыныңжалғастырады. қазақтың  күйшісі. Дина Нұрпейісова –атақты Сөйлемдердің дұрыс реттігін мұғалім айтып өту. Дина Нұрпейісова –қазақтың атақты күйшісі. Дина ұстазының жолын жалғастырады. Қорытынды «Дұрыстығын анықта»<br>Дұрыс     Дұрыс емес
<table>
<tr><td>Сөйлемдер</td><td>«Дұрыстығын анықта»</td><td>Дұрысемес</td></tr>
<tr><td>Дина – қазақтың атақты күйшісі</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Дина домбыраны 9 жасында үйренді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Дина Құрманғазыны іздеп келді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Дина Құрманғазыдан күй шертуді үйренді</td><td></td><td></td></tr>
<tr><td>Құрманғазы – Динаның ұстазы</td><td></td><td></td></tr>
</table>
</td><td></td></tr>
<tr><td>Сабақтың соңы (5 минут)</td><td>Кері байланыс «Аяқталмаған ой» әдісі Балалар, енді біз қолға домбыраны аламыз, бүгінгі сабақта нені түсіндік, нені түсінбедік, қай жерде қателіктер жібердік домбыраның артында аяқталмаған ойды жалғастырамыз және Дина Нұрпейісованың суретіне жапсырамыз<br><br></td><td></td></tr>
<tr><td>Рефлексия</td><td>Рефлексия «Ноталарды орыналастыру» әдісі Қолымыздағы ноталарға сабақтан алған әсерлерімізді жазып, ноталар сызығына орыналастырамыз.Үйге тапсырма: жаңа сөздерді жаттау, мәтінді мазмұндау.</td><td></td></tr>
</table>